

«Бәйтерек» Ұлттық
басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
бекітілген

«Бәйтерек» Ұлттық
басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамының
Басқармасы ашық
отырысының
2017 жылғы №28/17 хаттамасына
№ 5 қосымша

**«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік
қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясаты**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Холдинг) өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат:

1) Холдингтегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелерін;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі басқару және ұйымдастыру негіздерін;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша, сондай-ақ олардың салдарларын азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды;

4) Холдинг қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарын мүлтіксіз сақтау бойынша мінез-құлық тәрбиесін белгілейді.

3. Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны анықтау жөніндегі бақылауды күшейту, сондай-ақ Холдингте оларды мүлде қабылдамау ахуалын қалыптастыру болып табылады.

4. Саясаттың міндеті Холдингтің қызметкерлерінде еңбек міндеттерін орындау кезінде адалдық және ашықтық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

5. Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) мүдделер қақтығысы – лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктерінің арасындағы қарама-қайшылық, оның кезінде көрсетілген тұлғалардың жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін лайықты түрде орындамауға әкеп соқтыруы мүмкін;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

3) сыбайлас жемқорлық – Холдингтің лауазымды адамының, қызметкерінің өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Холдингтің лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

5) контрагент – Холдинг онымен азаматтық заңнамада реттелетін қатынастарға түскен немесе түсуді жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға;

6) лауазымды тұлға – Холдинг Басқармасының мүшесі, Холдингте басқару функцияларын орындайтын тұлға;

7) қызметкер – Холдингтің атқарушы органының мүшелерін қоспағанда, жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей атқаратын жеке тұлға;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласын үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы орталық атқарушы орган; оның ведомствосы, аумақтық бөлімшелері;

9) Холдингтің комплаенс қызметі – Холдингтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін жауап беретін құрылымдық бөлімшесі.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының түрлері

6. Саясатта заңда олар үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары көзделеді, оның ішінде:

1) пара беру не алу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу;

3) қаржылық есептілікті қасақана бұрмалау;

4) Холдингтің активтерін заңсыз пайдалану және (немесе) иемдену және (немесе) ұрлау: ақша қаражатын ұрлау, ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану, негізгі құралдарды, тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау;

5) сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану және лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану: өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін пайдалану, құжаттарды боямалаудан және (немесе) бұрмалаудан, ақшалай сыйақы, қымбат тұратын сыйлықтар не өзге де пайда алу үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасын әдейі көтеруден немесе төмендетуден көрінетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі бұзушылықтар, Холдингінің қызметі үшін маңызы бар ақпаратты қасақана жою, деректер базасын жою немесе олардағы мәліметтерді өзгерту, үшінші тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін немесе жеке мақсаттарда бағдарламалар енгізу;

6) қосымша пайда табу мақсатында контрагенттер жасайтын іс-әрекеттер, Холдингке және (немесе) мемлекетке олардың салдарынан залал келтірілуі мүмкін өзге де іс-әрекеттер;

7) алдау не адастыру және Холдингінің есебінен пайда табу мақсатында контрагенттердің қасақана жалған, өзгерген не бұрмаланған ақпарат беруі;

8) Холдингінің ақпараттық жүйелеріне заңсыз енуге немесе пайда табу және (немесе) Холдингінің қызметіне залал келтіру және (немесе) оның беделіне жағымсыз әсер ету мақсатында құпия ақпаратты иеленуге бағытталған іс-әрекеттер.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары мыналарды:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауды;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекітуді;
- 4) Холдингінің лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауын;
- 5) мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Холдингте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыс туралы есептілік беруді қамтиды.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – Холдингтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Холдинг қабылдайтын шаралардың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау және талдау жөніндегі қызметі.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні Холдингтің қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, Холдингтің Ішкі аудит қызметінің есептерін және жеке және заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өтініштерін зерделеу жолымен жүргізіледі.

10. Холдингтің комплаенс қызметі (бұдан әрі – Қызмет) тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін негіздеме қызметін атқарады.

5-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) деп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

12. Талдау жүргізу туралы шешім сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің және Қызмет әзірлеуге және Холдингтің Басқармасы бекітуге тиіс Холдингтің комплаенс-тәуекелдерін басқару жөніндегі саясаттың негізінде жүргізілетін комплаенс-тәуекелдерді бағалау қорытындыларының нәтижелері негізінде қабылданады.

13. Холдингтің құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі – Бөлімше) қызметі Талдау объектісі болып табылады.

14. Талдауды Қызмет басшысының Холдингтің Бөлімшесіне Талдау жүргізу қажеттігін негіздейтін қызметтік жазбасының негізінде Холдинг Басқармасы төрағасының бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес Холдингтің Қызметі жүргізеді. Қажет болған кезде Қызмет Холдинг Басқармасының төрағасымен келісім бойынша Холдингтің мүдделі емес басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарта алады.

15. Бұйрық мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) қызметі Талдауға жататын Бөлімшенің атауы;
- 2) Талдаудың бағыты;
- 3) Талдау жүргізуге жауапты Холдинг қызметкерінің Т.А.Ә.;
- 4) Талдау жүргізу кезеңі;
- 5) Талдау жүргізуге басшылық жасау, үйлестіру мен жауапкершілік және жұмыс нәтижесі жүктелетін Холдингтің лауазымды тұлғасы.

16. Талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) Холдингінің ішкі нормативтік құжаттарында Бөлімшенің қызметі қозғалатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімшенің ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

17. Бөлімшенің ұйымдастыру-басқару қызметі деп мынадай мәселелер түсініледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) Бөлімше қызметінің Холдингінің ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.

18. Мыналар:

1) Холдингінің ішкі нормативтік және басқа да құжаттары және Қазақстан Республикасының Бөлімшенің қызметі қозғалатын нормативтік құқықтық актілері;

2) бұрын мемлекеттік органдар немесе Холдингінің ішкі аудит қызметі Бөлімшеге қатысты жүргізген тексерулердің нәтижелері;

3) комплаенс-тәуекелдерді бағалау нәтижелері;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

5) Бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

6) прокурорлық қадағалау актілері;

7) сот актілері;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер Талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып табылады.

19. Осы Саясаттың 18-тармағында көрсетілген ақпараттың уақтылы және толық берілуі үшін жауапкершілік Бөлімшенің басшысына жүктеледі.

20. Талдау нәтижелері бойынша мыналарды:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;

2) оларды жою жөніндегі ұсынымдарды;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама дайындалады.

21. Талдамалық анықтама қызметіне Талдау жүргізілген Бөлімшенің басшысымен келісіледі және оған осы Саясаттың 15-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлға қол қояды.

22. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама қарау және оларды жою бойынша шаралар қабылдауға тапсырмалар беру үшін Холдинг Басқармасының төрағасына енгізіледі.

23. Талдау нәтижелері Холдинг Басқармасының төрағасы тиісті қарарын қойған сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде

Холдингтің Интернет-ресурсына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөліміне орналастырылады.

6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – Холдингтің қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдардың жүйесі. Холдингтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары осы Саясатқа №1 қосымшада ұсынылған.

7 –тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

7. Холдингтің лауазымды адамдарының, өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар өздеріне мыналар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдай:

- 1) Холдингтегі функционалдық міндеттерін орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға Холдингтің лауазымды адамдарының берген келісімін Холдингтің Адами ресурстарды басқару департаменті лауазымға тағайындалған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жазбаша тіркейді.

Холдингтің лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға (лауазымнан босатуға) әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, олардың өкілеттіктерін тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

8. Холдингтің лауазымды адамдарына тыйым салынады:

- 1) егер шаруашылық етуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық етуші субъектіні басқаруға өз бетінше қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа сыйымсыз пайдалану арқылы

ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;

2) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға.

27. Холдингтің лауазымды адамдары өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға) беруге және осындай тапсырудан кіріс алуға құқылы.

28. Холдингтің лауазымды адамдары лауазымға кіріскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, өздеріне заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өздеріне тиесілі, пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін мүлікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, осы функцияларды орындау уақытында сенімгерлік басқаруға беруге міндетті

29. Мүлікті сенімгерлік басқару шарты нотариаттық куәландыруға жатады.

30. Акцияларды сатып алған жағдайда, Холдингтің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, сатып алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оларды сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Холдингтің лауазымды адамдары – атқарушы органдарының мүшелері Холдингтің Адами ресурстарды басқару департаментіне шартты нотариат куәландырғаннан кейін он жұмыс күні ішінде мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттың нотариаттық куәландырылған көшірмесін ұсынуға міндетті.

31. Холдингтің лауазымды адамдарының осы Саясаттың 29-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамауы, олардың сәйкес өкілеттіктерін тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

32. Холдингтің лауазымды адамдары өздерінің жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды.

Саясаттың осы тармағындағы талаптарды бұзатын Холдингтің лауазымды адамдары, егер олар көрсетілген бұзушылық байқалған кезден бастап үш ай ішінде оны ерікті түрде жоймаса, осындай бағыныстылықты болғызбайтын лауазымға ауысуға тиіс, ал осындай ауысу мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің біреуі лауазымынан шығарылуға немесе көрсетілген функциялардан өзгедей босатылуға тиіс. Жақын туыстар деп ата-аналар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындас-сіңлілері,

атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) ағайінілері, апа-қарындас-сіңлілері, ата-аналары мен балалары түсініледі.

8 - тарау. Мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу

33. Холдингтің лауазымды адамдарына егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады. Холдингтің лауазымды адамдары мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу бойынша шаралар қабылдауға тиіс. Холдингтің лауазымды адамдары тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін ұйымның басшылығына туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

Холдингтің Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Холдингтің Басқарма Төрағасы лауазымды адамдардың өтініштері бойынша немесе басқа да көздерден ақпарат алған кезде Саясатқа сәйкес корпоративтік қақтығыстарды және Холдинг мүдделері қақтығысын реттеу бойынша уақытылы шаралар қабылдауға міндетті.

9 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Холдингтің әрбір басшысының және қызметкерінің парызы болып табылады және Адами ресурстарды басқару департаменті тарапынан - білім беру сипатындағы кешенді шаралар арқылы, баспасөз қызметі тарапынан ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы кешенді шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Ескертпе.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру деп Холдингтің қызметкерлерін үздіксіз оқыту үрдісі түсіндіріледі.

2. Ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы қызмет деп бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру түсіндіріледі.

10 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға есеп беру

35. Холдинг сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілген жұмыс туралы есеп береді

36. Есепте мыналар болуы тиіс:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жағдай және атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәліметтер;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекеліне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;

3) Холдингтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрағы бойынша жоспарларының орындалуы немесе орындалмауы (орындалмау себептерін көрсетіп) туралы мәліметтер;

37. Есепке Холдинг Басқармасының Төрағасы немесе оның орыныдағы мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын және оның уақытылы ұсынылуын қамтамасыз ететін адам қол қояды;

38. Холдинг ақпаратты жылына 2 рет ұсынады:

1) жартыжыл қорытындысы бойынша – есепті мерзімнен кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей;

2) жыл қорытындысы бойынша – есепті мерзімнен кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей;

11 - тарау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

39. Холдингте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу Холдингтің ішкі нормативтік құжаттары негізінде тұрақты түрде келесі негізгі шараларды қолдану жолымен жүзеге асырылады:

1) іскерлік беделді және мүдделер қақтығысын анықтау үшін контрагенттер тексерісін жүзеге асыру;

2) Холдингтің үлестес тұлғаларын есепке алу;

3) Холдингте сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын нормаларды болдырмау мақсатында Холдингтің ішкі нормативтік құжаттары жобаларына сараптамалар жүргізу;

4) Холдингтің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) Холдингтің лауазымды адамдары, қызметкерлері мен контрагенттер, сонымен қатар жеке және заңды тұлғалар Қызметке өз күдіктері туралы хабарлай алатын немесе Қызметке басқа адамдардан алынған Холдингтің кез-келген лауазымды адамы, қызметкері, Холдинг контрагенті өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді ұсынатындай, кері байланыс механизмінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) ықтимал сыбайлас жемқорлық оқиғалары туралы қызметтік тексерістер жүргізу.

12 - тарау. Қортынды ережелер

40. Холдингтің лауазымды адамы және қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы заңына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершілікке тартылад.

41. Холдингтің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы заңына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылған лауазымды адамдары мен қызметкерлері Холдингке келтірілген залалдың орнын толтырғанан кейін де жауапкершіліктен босатылмайды.

42. Саясат талаптарының орындалуы үшін жауапкершілік өз құзыреттіліктері шеңберінде Холдингтің қызметкерлері және құрылымдық бөлімдеріне жүктеледі.

43. Холдингтің лауазымды адамдары және қызметкерлері - Саясат қабылданған күннен, ал жаңадан қабылданғандар лауазымдық және (немесе) еңбектік міндеттерін орындауды бастаған күннен Саясаттың №2 қосымшасында қарастырылған нысанда Саясатты оқығанын, түсінгенін және адал орындайтынын куәландыруы тиіс.

44. Осы Саясатта қаралмаған өзге жағдайлар Қазақстан Республикасы заңдарымен реттеледі. Осы Саясатқа қарсылық болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылатын болады.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
«4» шілде 2017 жылғы саясатына
№1 қосымша

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

**Астана қ.
2017 жыл**

1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабы 2-тармағына және 2017 жылғы 23 ақпандағы Холдинг басқармасының шешімімен бекітілген (№ 08/17 хаттама) Холдингтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының 12-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Холдинг қызметкерлері (бұдан әрі – Қызметкерлер) үшін қызметтік функцияларын жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтық және моральдік бағдарлар жүйесін құру арқылы Холдингтегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына төзбестік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

3. Қоғамдық қарым-қатынастар саласының атауы: қаржы.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар холдинг қызметкерлері үшін мынадай іс-қимыл нормаларын айқындайды:

1) заңдылық қағидаларын, Конституцияның, Қазақстан Республикасы заңдарының және басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

3) Холдингтің беделін түсіруі мүмкін әрекеттің жасалуына жол бермеу;

4) мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі жеке мүдделердің пайда болуы, сыбайлас жемқорлық әрекетіне бейімделу және сыйлықтар алу туралы тікелей басшысына немесе ұйымның басшысына хабарлау;

5) қызметтік міндеттерді орындау барысында жеке және (немесе) пайдақорлық мүдделерді басшылыққа алмау;

6) әріптестер мен басшылардың риясыз қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін, белгіленген қарым-қатынас тәртібін бұзатын заңсыз өтінімдер жасаудан бас тарту;

7) басқа Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға бейімдемеу және мұндай әрекеттерді қолдамау;

8) қызметтік өкілеттікті орындауға байланысты сыйлықтар алмау;

9) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен басымдықтар табу және алу мақсатында таратуға жатпайтан қызметтік және басқа да ақпаратты пайдаланбау;

10) жақын туыстық және отбасылық қатынастағы тұлғаларға (ата-ана, жұбайы, аға-іні, сіңлі-қарындастар, балалар, жекжаттар (жұбайының аға-інілері, сіңлі-қарындастары, балалары) тікелей бағыныштықпен немесе бақыланумен байланысты болған қызметтен бас тарту;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте, сыйбайлас жемқорлықты ашып көрсетуде белсенділік таныту;

12) сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы, оның ішінде материалдарды жеделдетіп қарастыру немесе қағазбастылық үшін қандай да бір пайда табуға бейімделу туралы шұғыл басшылыққа хабарлау;

13) орындау үшін тапсырылған бұйрықтың заңдылығына күмән туған жағдайда кідірмей жазбаша түрде тікелей басшыға немесе ұйымның басшысына хабарлау;

14) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына араласқан болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтау және оны әріптестерден талап ету;

16) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының және олардың салдарларының пайда болуына болжалды себептер мен жағдайларды жою бойынша тұрақты түрде іс-шаралар қабылдау;

17) пайда табумен байланысты кәсіпкерлік және (немесе) басқа да әрекеттерді жүзеге асыруда біреуге қолдау көрсетуден бас тарту;

18) үшінші тараптың мүдделеріне өкілдік етуден немесе қолпаштаудан, яғни олардың атынан әрекет етуден бас тарту;

19) қызметтік емес мақсаттарда материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық құралдарды, сондай-ақ басқа да мемлекеттік меншік пен қызметтік ақпаратты қолданбау;

5. Барлық деңгейлердегі басшылар өзіне бағыныштыларға қатысты:

1) туыстық, жерлес және жеке белгілер бойынша кадрларды іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге, меритократия қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

2) бағынышты қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен жүктемесін нақты айқындауға;

3) бағынышты қызметкерлер арасында жұмыс мөлшерінің тең бөлінбеуіне жол бермеуге;

4) бағынышты қызметкерлердің қызметін бағалауда, сондай-ақ көтермелеу мен жазалауда әділдік пен дұрыстық танытуға;

5) бағынышты қызметкерлерге олардың қызметтік міндеттерінің шегінен айқын шығатын, сондай-ақ заңнамаға қарсы келетін бұйрықтарды бермеуге;

6) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешуде бағыныштылардың қызметіне ықпал етуде қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

7) бағынышты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға мәжбүрлемеуге;

8) бағынышты және басқа да қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілерін тоқтатуға және жол бермеуге;

9) қызметкердің қызметтік міндеттерін орындау барысында пайда болған мүдделер қақтығысын реттеуге уақтылы түбегейлі шаралар қолдануға;

- 10) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда түбегейлі шаралар қолдануға;
- 11) бағынышты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;
- 12) бағынышты қызметкерлерді жеке немесе қызметтік емес тапсырмаларды орындауға араластыруға жол бермеуге;
- 13) Өзінің мінсіз іс-әрекеттері арқылы бағынышты қызметкерлерге үлгі көрсетуге міндетті.

6. Барлық деңгейдегі басшылар осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың орындалуын қамтамасыз етеді және өзіне бағынышты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
«4» шілде 2017 жылғы
саясатына №2 қосымша

Растау

Осы нысанды Сіз «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын (бұдан әрі – Саясат) мұқият оқығандығыңызды, түсінгендігіңізді және адал орындауға міндеттенетініңізді растау үшін пайдаланыңыз.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Холдинг) лауазымды қызметкерлері және қызметкерлері осы нысанды толтырылған және қол қойылған түрде Саясаттың қабылданған күнінен бастап, ал жаңадан жұмысқа қабылданғандар Холдингте еңбек және (немесе) қызметтік міндеттерін атқаруға кіріскен сәттен бастап адами ресурстарды басқару департаментіне жолдауға міндетті.

Осы нысанды <i>баспа түрде</i> толтырып, қол қойыңыз және <i>адами</i> <i>ресурстарды</i> <i>басқару</i> <i>департаментіне</i> жолдаңыз	Холдингте еңбек және (немесе) қызметтік міндеттерді орындауды бастаған сәттен бастап, Сіз саясатты мұқият оқуға, түсінуге және адал орындауға міндеттісіз. Сіздің растауыңыз	
	<i>(Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз)</i>	
	<input type="checkbox"/>	Саясатты оқығанымды және түсінгендігімді растаймын.
	<input type="checkbox"/>	Саясатты адал орындауға міндеттенемін.
	<input type="checkbox"/>	Мына жерге қол қойыңыз
	<input type="checkbox"/>	ТАӘ
	<input type="checkbox"/>	Қолы